

ЖШС «Самғау» бөбекжай – балабақшасының

Педагогикалық кеңес хаттамасы

№1

31.08.2023ж.

Қатысқандар: 13

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылына дайындық және оқу жоспарын бекіту»

Күн тәртібі:

1. 2023 – 2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау.
2. Тәрбиешілердің біліктілігін арттыру бойынша курстарға қатысу.
3. Балабақша ішіндегі санитарлық жағдайды сақтау.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі К. Кыстаубаева сөз алды. Жаңа оқу жылын табысты бастауымыз үшін оқу жоспары дұрыс құрылып, тәрбиешілер өз міндеттерін нақты түсінуі керек. Осы жылы бізге жаңа оқу бағдарламаларын енгізу маңызды болып тұр. Әр топ тәрбиешісі балалардың жас ерекшеліктеріне сай жұмыстар жүргізуі қажеттігін түсіндірді.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Р. Садықбекова сөз алды. Оқу жоспарларын бекітуден бұрын, тәрбиешілердің ұсыныстарын тыңдаған дұрыс. Бұл жоспар балалардың когнитивтік және эмоционалдық дамуын жан – жақты қамтуы тиіс. Сондай – ақ, тәрбиешілердің біліктілігін арттыру мәселесіне назар аударуды және курстарға қатысу арқылы педагогикалық әдістемені жетілдіруге болатынын ұсынды.

Тәрбиеші Н. Ахметова сөз алды:

- Балалардың жаңа бағдарламаларға қызығушылығын арттыру үшін ойын элементтерін көбірек қолдануды ұсынамын. Әсіресе, интерактивті технологияларды енгізу тиімді болады деп ойлаймын.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. 2023 – 2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілді.
2. Әр тәрбиеші біліктілікті арттыру курстарына қатысуы тиіс.
3. Санитарлық талаптарды сақтау үшін ай сайын тексеріс жүргізіледі.

Төрайымы: _____

К. Кыстаубаева

Хатшы: _____

С. Нажапова



ЖШС «Самғау» бөбекжай – балабақшасының

Педагогикалық кеңес хаттамасы

№2

20.11.2023ж.

Қатысқандар: 13

Тақырыбы: «Ата – аналармен жұмыс және балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту»

Күн тәртібі:

1. Ата – аналармен тиімді қарым – қатынас орнату.
2. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.
3. Тәрбиешілерге жаңа әдістемелерді ұсыну.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі сөз алды: Ата – аналармен байланыс жұмыстары біз үшін өте маңызды. Әр ата – ана баласының жетістіктерінен хабардар болып, біздің жұмысымызға қолдау көрсетуі тиіс. Шығармашылық қабілеттерді дамыту – балабақшаның басты міндеттерінің бірі екендігін ерекше атап өтті.

Балабақша әдіскері Р. Садықбекова сөз алды. Ата – аналармен жиі кездесулер ұйымдастырып, әр баланың дамуы туралы ақпарат беру керек. Балалардың шығармашылығын дамыту үшін түрлі көрмелер мен байқаулар өткізуге болады. Сондай – ақ, тәрбиешілерге креативті ойлау әдістерін қолдануды ұсынды.

Тәрбиеші И. Махамадова сөз алды. Бізде әр топта өнерге қызығушылық танытатын балалар бар. Аптасына бір рет шығармашылық сағаттар өткізуді ұсынып, балалардың жұмыстары ата – аналарға көрсетіліп, олар да бұл процеске қатысса, жақсы нәтиже беретінін айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. Әр топта ата – аналармен бірлескен іс – шаралар кестесі бекітілсін.
2. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін арнайы сағаттар енгізілсін.
3. Креативті әдістемелер бойынша әдіскер Р. Садықбекова Семинар өткізсін.

Төрайымы: _____

К. Кыстаубаева

Хатшы: _____

С. Нажапова



ЖШС «Самгау» бөбекжай – балабақшасының

Педагогикалық кеңес хаттамасы

№3

10.01.2024ж.

Қатысқандар: 13

Тақырыбы: «Қысқы кезеңдегі денсаулық сақтау шаралары»

Күн тәртібі:

1. Қыс маусымында балалардың денсаулығын сақтау.
2. Дене шынықтыру жұмыстарын жетілдіру.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі К. Қыстаубаева сөз алды. Қыс мезгілінде балалардың денсаулығына ерекше назар аударуымыз керек. Суық тию мен вирустық инфекциялардың алдын алу үшін тәрбиешілер сақтық шараларын қатаң сақтауы қажеттігін түсіндірді.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Р. Садықбекова сөз алды. Денсаулық сақтау жұмыстары бойынша профилактикалық сабақтар мен ойындар ұйымдастыруды ұсынып, сонымен қатар, әр топта медициналық бұрыштарды жанарту қажеттігін айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. Қыс мезгіліндегі денсаулық сақтау шараларының жоспары бекітілсін.
2. Дене шынықтыру сабақтары арнайы жоспар бойынша жүргізіледі.

Төрайымы: _____

К. Қыстаубаева

Хатшы: _____

С. Нажапова



ЖШС «Самғау» бөбекжай – балабақшасының

Педагогикалық кеңес хаттамасы

№5

20.05.2024ж.

Қатысқандар: 13

Тақырыбы: «Оқу жылын қорытындылау және келесі жылға жоспар құру»

Күн тәртібі:

1. Оқу жылының нәтижелерін қорытындылау.
2. Ата – аналардың пікірлерін талдау.
3. 2024 – 2025 оқу жылына арналған жоспар құру.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі К. Кыстаубаева сөз алды. Биылғы оқу жылында жақсы нәтижелерге қол жеткізілді. Ата – аналармен жұмыс, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және денсаулық сақтау шаралары бойынша жақсы көрсеткіштер көрсеткендігін атап өтті.

Балабақша әдіскері Р. Садықбекова сөз алды. Келесі оқу жылында цифрлық құралдарды көбірек қолдануды ұсынды. Әсіресе, интерактивті тақталарды белсенді пайдалану тиімді болатынын, сондай – ақ ата – аналардың пікірлерін ескеріп, жаңа іс – шаралар енгізген дұрыс екенін мәлімдеді.

Тәрбиеші С. Нажапова сөз алды. Топта шығармашылық сабақтарды көбейтуді және спорттық іс – шараларды енгізуді ұсынды. Балалардың тіл дамыту деңгейін арттыру үшін арнайы курстар ұйымдастыру қажеттілігін айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. Оқу жылының қорытынды есебі қабылдансын.
2. 2024 – 2025 оқу жылына арналған жоспардың негізгі бағыттары бекітілсін.
3. Әдіскер мен тәрбиешілер жаңа әдістемелік ұсыныстар дайындасын.

Төрайымы: _____

К. Кыстаубаева

Хатшы: _____

С. Нажапова

